



010000, Астана к., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№

15.10.2024 № 5 ге

010000, г. Астана, ул. Бейбітшилік, 11
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

**Тұрақты комиссияның
2024 жылғы 15 қазандағы
қаулысы**

**Қаланы абаттандыруды дамыту
саласындағы инвестициялық
жобаларды іске асыруға
бөлінген бюджет қаражатын
тиімді пайдалану жәніндегі шаралар
туралы**

Банк серийлак номеріз жараласып
Банк без серийного номера не действителен

«Қаланы абаттандыруды дамыту саласындағы инвестиациялық жобаларды іске асыруға бөлінген бюджет қаражатын тиімді пайдалану жәніндегі шаралар туралы» ақпаратты тыңдалап, талқылағаннан кейін Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсп және кәспкерлік мәселелері жәніндегі тұрақты комиссиясы келесілерді атап өтеді.

Жалпы қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына, оның ішінде қаланы абаттандыру саласында айтартытай әсер ететін инвестиациялық даму бағдарламалары елорда бюджетінің үлкен үлесін алады.

Инвестиациялық жобаларды қаржыландыру көлемі республикалық бюджет есебінен жобаларды қаржыландыруды қысқарту және жергілікті бюджеттің өз қаражаты есебінен қаржыландыру көлемін ұлғайту үрдісі жалғасып жатқанын көрсетеді.

Мәселен, «Астана қаласының құрылыш басқармасы» ММ Астана қаласында Есіл өзенінің арнасын қайта жаңартуға; Салтанат арка ауданындағы дөңгелек аланды абаттандыруға; Орынбор көшесі бойындағы № 1,2 платформаны, № 4 және 10 үйлер ауданында және т. б. қайта жаңартуға ақшалай қаражат көзделген.

«Астана қаласының коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ Мыңжылдық аллеясы бойында желекжолдар мен саябақтар салу шеңберінде 74405,5 шаршы метр аумақты абаттандыруға қаржыландыру жоспарланған болатын, онда ағаштар отырғызылды, төсемдер төсөлді және жарықтандыру орнатылды. Жалпы нысанның құрылышы аяқталды. Суару су құбырында іске

қосу-баптау жұмыстары жүргізілуде, объектіні пайдалануға және коммуналдық меншікке беру үшін құжаттама дайындалуда.

2023 жылдың желтоқсан айында Керей Жәнібек хандар және 19-С (Саранды ауданы) көшелерінің шекарасындағы көл жағасындағы жағалау пайдалануға берілді. Ағаштар отырғызылды, шамдар орнатылды, төсөніштер төселді, шағын сәулет нысандары орнатылды және т. б.

«Астана қаласының қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ (бұдан әрі – Басқарма) саябақтар, гүл бақтар, қоғамдық кеңістіктер, рекреациялық аймақ және т. б. салуға ақшалай қаражат бөлінді.

Қазіргі уақытта Басқарма абаттандыру бойынша 9 жобаны іске асыруда, оның ішінде Мәңгілік Ел даңғылын қайта жаңарту, «Бейбітшілік және келісім» паркін салу, «Қазақ елі» алаңын қайта жаңарту, Президенттік саябақты қайта жаңарту және т. б.

Сонымен қатар, бюджет қаражатын тиімді пайдалану мақсатында Астана қаласы мәслихатының депутаттары (бұдан әрі – Мәслихат депутаттары) мердігер ұйымдардың абаттандыру саласындағы жұмыстардың сапасын орындауы бойынша қалалық басқармалардың бақылауды қүшеттігін атап өтті.

Отырыс барысында мәслихат депутаттары «Қазақ елі» алаңын қайта жаңарту кезінде гранитті плиткаларды (қымбат материалды) сапасыз төсеу, сондай-ақ басқа да абаттандыру объектілерінде тас төсеу бойынша ескертулер айтты.

Мәслихат депутаттары атап өткендей, бюджеттік инвестициялық бағдарламаларды іске асыру бірқатар кемшіліктермен қатар жүреді. Жекелеген жобалар бойынша сметалық құнын айқындау кезінде жұмыстардың құны асыра бағаланады, жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес жұмыстардың сапалы орындалуы қамтамасыз етілмейді. Техникалық қадағалауды жүзеге асыратын ұйымдар, сондай-ақ жобалаушылар мен мердігерлер шарттық міндеттемелерді тиісінше орындағанды, бұл ретте оларды мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану жөнінде шаралар әрдайым қабылданбайды. Құрылыш объектілерін коммуналдық меншікке уақытылы бермеу маңызды мәселе болып табылады, бұл мүлікті тиімді пайдалануға әсер етеді.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына сәйкес және жоғарыда баяндалғаның негізінде Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТИ:**

1. «Қаланы абаттандыруды дамыту саласындағы инвестициялық жобаларды іске асыруға бөлінген бюджет қаражатын тиімді пайдалану жөніндегі шаралар туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. «Астана қаласының құрылыш басқармасы» ММ, «Астана қаласының коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ, «Астана қаласының қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ:

мердігерлік ұйымдардың, оның ішінде тұрғын алаптардың абаттандыру саласында сапалы жұмыстардың орындалуына тиісті бақылауды қамтамасыз ету;

тиісті мердігерлік ұйымдар шарттық міндеттемелерді тиісінше орындаған кезде оларды мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану жөнінде шаралар қабылдау;

аяқталған объектілерді коммуналдық меншікке уақтылы беруді қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қалалық объектілерді салу және қайта жаңарту кезінде жергілікті өндірушілерге қолдау көрсету;

абаттандыруды дамыту саласындағы инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталған ақша қаражатын игеруді қамтамасыз ету;

жобалау-сметалық құжаттаманы орындау кезінде бұзушылықтарға, ЖСК-дан ауытқуларға және т. б. жол бермеуді қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. «Астана қаласының активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ:

елорданың коммуналдық меншігіне бюджеттік-инвестициялық жобаларды қабылдау бойынша уақтылы жұмысты қамтамасыз ету ұсынылсын.

4. «Астана қаласының қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ, «Астана қаласының цифрландыру және мемлекеттік қызметтер басқармасы» ММ:

мердігер ұйымның «Қазақ елі» алаңына гранит плиткаларын төсөу кезінде жіберілген бұзушылықтарды жою және/немесе жұмыстардың сапасыз орындалуына байланысты залалды өтеу жөнінде шаралар қабылдау;

қаланы көгалдандыруға бағытталған қаражатты тиімді жұмсау мақсатында «Астана қаласының жасыл желектер тізілімі» электрондық платформасын енгізу процесін жеделдегу ұсынылсын.

5. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпаратты қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде ұсыну қамтамасыз ету ұсынылсын.

Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы

К. Адамбек